

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ

ҚЫЗЫЛОРДА АШЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ



«Бекітемін»

Қызылорда ашық
университетінің ректоры
Қ.А.Бисенов

«28» 08 2023 ж.

**КӘСІПТІК ПРАКТИКАНЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ ЖӘНЕ ӨТКІЗУ
ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ**

Қызылорда, 2023 жыл

1. Кәсіптік практиканы ұйымдастырудың жалпы жағдайы

1. Осы Кәсіптік практиканы ұйымдастыру мен өткізу ережесі (бұдан әрі – Ереже) 2007 жылғы 27 шілдедегі Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңына, «Кәсіптік практиканы ұйымдастыру мен өткізу қағидаларын және практика базалары ретінде ұйымдарды айқындау қағидаларын бекіту туралы» ҚР Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 29 қаңтардағы №107 бұйрығына және ҚР Ғылым және жоғары білім министрінің 2022 жылғы 20 шілдедегі № 2 бұйрығымен бекітілген «Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттары» негізінде әзірленген.

2. Ереже білім алушылардың бүкіл оқу мерзімі бойы теориялық оқытудың нәтижелерін бекітуге, практикалық дағдылар мен құзыреттер алуға, сондай-ақ инновациялық технологияларды игеруге бағытталған кәсіптік практикаларын ұйымдастыру және өткізу бойынша ұйымдастырушылық және оқу-әдістемелік қызметтерді реттейді.

3. Кәсіптік практика-болашақ кәсіптік қызметпен байланысты белгілі бір жұмыс түрлерін орындау процесінде теориялық білімдерді, дағдыларды бекітуге, практикалық машықтар мен құзыреттерді иемденуге және дамытуға бағытталған оқу қызметінің түрі болып табылады.

4. Кәсіптік практика оқу жұмыс бағдарламалары мен оқу жұмыс жоспарларына сәйкес оқу (таныстыру), өндірістік және диплом алды түрлері айқындалған.

5. Кәсіптік практика түріне байланысты мақсаты, міндеттері мен бағдарламасы бар, оларға байланысты кәсіптік практика өту базасы айқындалады.

2. Кәсіптік практиканы ұйымдастыру

1. Білім алушылардың кәсіптік практикасы мамандар даярлайтын білім беру бағдарламаларының құрамдас бөлігі болып табылады.

Кәсіптік практика тиісті ұйымдарда жүргізіледі және оқыту процесінде алған білімдерді бекітуге, практикалық дағдыларды игеруге және озық тәжірибені меңгеруге бағытталған.

2. Білім алушыны кәсіптік практиканың барлық түрлеріне жіберу өту мерзімдерін, практиканың базасы мен жетекшісін көрсете отырып, университет ректорының бұйрығымен рәсімделеді.

Білім алушыға осы Ережедегі 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жолдама беріледі.

3. Кәсіптік практиканың түрлері, мерзімдері, көлемі мен мазмұны стандарттармен, үлгілік және оқу жұмыс жоспарларымен және бағдарламалармен айқындалады.

4. Кәсіптік практиканың бағдарламасы практика базалары ретінде айқындалған кәсіпорындарымен (мекемелерімен, ұйымдарымен) келісіледі және университет ректорымен бекітіледі.

5. Кәсіптік практиканың бағдарламасы өз мазмұны бойынша мамандықтың бейінін, практика түрінің ерекшелігін, кәсіби стандарттардың және білім беру бағдарламасының талаптарын, ұйым қызметінің, технологиялық процестің және практика нысанының сипатын көрсетеді.

6. Университеттің білім алушылары кәсіптік практиканың әр түрінің қорытындылары бойынша тиісті кафедраға практика жетекшісі мен консультанты тексеретін және кафедра меңгерушісінің өкімімен құрылған комиссияның алдында қорғалатын есепті ұсынады.

Есепті қорғау нәтижелері Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 18 наурыздағы №125 бұйрығымен бекітілген «Жоғары оқу орындарында білім алушылардың үлгеріміне ағымдық бақылау, аралық және қорытынды аттестаттау өткізудің Үлгі ережесіне» сәйкес бағалардың балдық-рейтингтік әріпті жүйесі бойынша бағаланады.

3. Кәсіптік практика базасы ретінде ұйымды айқындау тәртібі

1. Білім алушылардың кәсіптік практиканы өткізу үшін университет мамандарды даярлаудың бейініне және білім беру бағдарламасының талаптарына сәйкес келетін, кәсіптік практикаға жетекшілік етуді жүзеге асыру үшін білікті кадрлары және материалдық-техникалық базасы бар ұйымдарды айқындайды.

2. Кәсіптік практиканың базасы ретінде айқындалған ұйыммен білім алушылардың кәсіптік практикасын өткізуге арналған (үлгілік шарттың нысаны негізінде құрастырылған) кәсіптік практика түрі көрсетілген шарт жасалады (2-қосымша).

3. Университет пен кәсіптік практика базалары арасындағы келісім-шарт практика басталғанға бір ай бұрын кеш емес мерзімде жасалады.

4. Келісім-шартта оқу орнының, кәсіптік практиканың базасы болып табылатын кәсіпорнының (мекеменің, ұйымның) және білім алушылардың міндеттері мен жауапкершілігі айқындалған.

5. Кәсіптік практикасын өту бағдарламасы мен күнтізбелік кестесі кәсіпорынмен бірге келісіліп, әзірленеді.

6. Кәсіпорынға университет кәсіптік практиканың басталуынан екі ай бұрын білім алушылардың санын көрсетіп, кәсіптік практиканың бағдарламасын, практикадан өтудің күнтізбелік кестесін ұсынады.

7. Білім алушыларды практикаға жіберу кезінде университеттен және практика өтетін кәсіпорыннан жетекші тағайындалады.

8. Кәсіптік практикаға жауапты жетекшілер практика бағдарламасының орындалуы мен өтуін, ондағы еңбек тәртібі мен ішкі тәртіп ережелерінің сақталуын қамтамасыз етеді.

9. Кәсіпорынның қызметкерлері білім алушылардың кәсіптік практикасын өту орнын ұсынуға және практиканың бағдарламаға сәйкес өтуін ұйымдастыруға көмек көрсетеді.

Кәсіптік практиканы өтуге жолдау кезінде білім алушыға күнделік-есепті беріледі (3-қосымша).

10. Кәсіптік практиканың түрі бойынша білім алушыларға оқу орнынан және практика базасынан – кәсіпорнынан (мекемеден, ұйымнан) жетекшілер тағайындалады.

11. Жетекшілердің қызметтерін, міндеттері мен жауапкершілігін оқу орны және практика базасы – кәсіпорын (мекеме, ұйым) келісім бойынша дербес айқындайды.

12. Кәсіптік практикаға арналған шығындарды оқу орны және практика базасы болып табылатын кәсіпорын (мекеме, ұйым) жоспарлайды және кәсіптік практиканы өткізуге арналған шартта айқындалады.

13. Кәсіптік практиканың базасы болып табылатын ұйым кәсіптік практиканың бағдарламасына сәйкес оны өту үшін білім алушыларға орын береді және білім алушыларға жұмыс орнында қауіпсіз еңбек шарттарын қамтамасыз етеді.

4. Жоғары оқу орындары білім алушыларының практика түрлерін ұйымдастыру және өткізу тәртібі

1. Университет білім алушыларының оқу (танысу) практикасының мақсаты оқыту процесінде алынған теориялық білімдерді бекітуді және тереңдетуді, зерттеу қызметінің алғашқы дағдыларына ие болуды, іскерлік хат алмасуды жүргізуді машықтарды қамтитын бастапқы кәсіби құзыреттерді игеру, оқитын мамандыққа сәйкес қызметтің практикалық машықтар мен дағдыларды игеру болып табылады.

2. Оқу (танысу) практикасының негізгі міндеттері:

- 1) жоғары оқу орны қызметінің негізгі бағыттарымен танысу;
- 2) мамандықпен және оның білім беру бағдарламаларымен танысу;
- 3) болашақ мамандықтың объектісі болып табылатын ұйымның ұйымдық-құқықтық нысанымен, құрылымымен, басқару жүйесімен және т.б. жалпы танысу;
- 4) болашақ кәсіптік қызметінің түрлерін, функцияларын және міндеттерін зерттеу;
- 5) іскерлік хат алмасуды зерттеу және іс қағаздарын жүргізу;
- 6) еңбек ұжымында қызметті жасау дағдыларын игеру болып табылады.

3. Оқу практикасы барлық мамандықтардағы білім алушылар үшін өткізіледі және 1-курста ұйымдастырылады.

4. Болашақ маманның кәсіптік біліктілігіне байланысты оқу практикасының танысу, далада өтетін, экскурсиялық, бағдарлы, мектеп, есептеу, пленэр және т.б. түрлерін ажыратады.

5. Оқу (танысу) практикасы болашақ кәсіптік қызметінің нысаны болып табылатын ұйымда танысу экскурсияларын қамти отырып университетте өткізіледі.

6. Оқу практикасы аталған мамандық бойынша мамандар даярлауды жүзеге асыратын арнайы кафедраға бекітіледі.

7. Оқу практикасының бағдарламасы білім беру бағдарламасының талаптарына және мамандықтың бейініне сәйкес әзірленеді.

8. Педагогикалық практиканың мақсаты жалпы ғылыми, культурологиялық, психологиялық-педагогикалық, әдістемелік және арнайы пәндер бойынша білімдерді бекіту және тереңдету, теориялық білімдер негізінде педагогикалық машықтарды, дағдылар мен құзыреттерді қалыптастыру болып табылады.

9. Педагогикалық практиканың негізгі міндеттері:

- 1) педагогикалық қызметтің бастапқы тәжірибесін игеру;
- 2) сабақ беру мен оқыту әдістемесін меңгеру;
- 3) педагогикалық шеберліктің негіздерін білу;
- 4) оқу-тәрбие және оқытушылық жұмысты өз бетінше жүргізудің машықтары мен дағдыларына баулау;
- 5) ғылыми-психологиялық және педагогикалық зерттеудің дағдыларын меңгеру;

6) тәрбие жұмысының әдістемесін меңгеру;

7) оқытудың инновациялық технологияларды білу;

8) оқу және тәрбие жұмысы барысында білім алушыларға олардың даму ерекшеліктерін ескере отырып жеке тәсілді жүзеге асыру болып табылады.

9. Педагогикалық практика бүкіл оқу мерзімі бойы әр курста өткізіледі және:

1) 1-курстың білім алушыларының педагогикалық практикасын;

2) 2-курстың білім алушыларының психологиялық-педагогикалық практикасын;

3) 3-курстың білім алушыларының оқу-тәрбиелік педагогикалық практикасын;

4) 4-курстың білім алушыларының өндірістік педагогикалық практикасын қамтиды.

10. Педагогикалық практика үздіксіз болып табылады және теориялық оқытумен қатар өткізіледі.

11. Педагогикалық практиканың базасы:

1) мектепке дейінгі ұйымдар;

2) жалпы білім беру (бастауыш, негізгі орта, жалпы орта) ұйымдары;

3) техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдары болып табылады.

12. Педагогикалық практика педагогика кафедрасымен бірлесіп арнайы кафедраға бекітіледі.

13. Педагогикалық практиканың бағдарламасы мамандықтың білім беру бағдарламасының талаптарына сәйкес әзірленеді және білім алушыларда кәсіби мағыналы машықтарды жасауға және мұғалім мен педагогтың педагогикалық құзыреттерін қалыптастыруға бағытталған.

14. Өндірістік практиканың мақсаты кәсіби құзыретін бекіту, кәсіби қызметінің практикалық дағдылары мен тәжірибені игеру болып табылады.

15. Өндірістік практиканың негізгі міндеттері:

1) мамандық бойынша кәсіптік қызметінің түрлерін, олардың функциялары мен міндеттерін оқып зерттеу;

2) теориялық білімдерді бекіту және бұл негізінде кәсіби машықтарды, дағдылар мен құзыреттерді қалыптастыру;

3) инновациялық технологияларды, еңбек пен өндірістің озық әдістерді меңгеру;

4) ұйымдастырушылық және кәсіптік тәжірибені игеру;

5) командалық жұмыстың, басқарудың корпоративтік қағидалары құзыретінің дағдыларын игеру;

6) өз бетінше өз қызметті жоспарлау, әріптестермен пайдалы байланыстарды орнату, рольдік кәсіби ұстанымын айқындау, жауапкершілік сезімін қалыптастыру машықтарды меңгеру болып табылады.

16. Өндірістік практика барлық мамандықтардағы (педагогикалық мамандықтарынан басқа) білім алушылар үшін жүргізіледі және білім алушылардың оқуды аяқталуына дейін 2 курстан бастап ұйымдастырылады.

17. Өндірістік практика оның мазмұнына байланысты арнайы кафедраның немесе нәтижесінде аталған өндірістік практика түрінің объектілері болып табылатын теориялық оқытуды жүргізетін кафедраға бекітіледі.

18. Өндірістік практиканың бағдарламасы мамандықтың білім беру бағдарламасының талаптарына сәйкес әзірленеді және білім алушыларда кәсіби мағыналы машықтарды өндіруге және кәсіби стандарттарының талаптарына сәйкес арнайы құзыреттерді қалыптастыруға бағытталған.

19. Диплом алды практика дипломдық жұмысты (жобаны) орындайтын білім алушылар үшін ұйымдастырылады.

20. Диплом алды практиканың мақсаты дипломдық жұмысты (жобаны) жазудың аяқталуы болып табылады.

21. Диплом алды практиканың негізгі міндеттері:

1) дипломдық жұмыстың (жобаның) тақырыбы бойынша практикалық материалдарды жинақтау, өңдеу және жалпылау;

2) дипломдық зерттеудің тақырыбы бойынша статистикалық мәліметтері мен практикалық материалдарды талдау;

3) дипломдық жұмыстың (жобаның) немесе есептің тақырыбы бойынша қорытындыны, заңдылықтарды, кепілдемелер мен ұсыныстарды тұжырымдау;

4) дипломдық жұмысты немесе есепті білгіленген талаптарға сәйкес ресімдеу болып табылады.

22. Диплом алды практика жеке оқу жоспарына сәйкес дипломдық жұмысты (жобаны) немесе есепті орындалатын барлық мамандықтардың түлектері үшін бітіруші курста өткізіледі.

23. Дипломдық жұмысты (жобаны) немесе есепті әзірлеу және жазу үшін білім беру бағдарламасымен диплом алды практикасы көзделген.

24. Диплом алды практика бойынша басшылықты әдеттегідей дипломдық жұмыстың (жобаның) ғылыми жетекшісі жүзеге асырады.

25. Диплом алды практиканың ұзақтылығы жоғары білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына сәйкес дипломдық жұмысты (жобаны) жазуға берілген кредиттер санымен айқындалады.

26. Диплом алды практиканың мазмұны дипломдық жұмыстың (жобаның) тақырыбымен айқындалады.

27. Диплом алды практиканың қорытындылары арнайы кафедра ұйымдастыратын дипломдық жұмысты (жобасын) алдын ала қорғауда қорытындыланады.

Дипломдық жұмысты (жобасын) алдын ала қорғау кафедра отырысында өткізіледі және хаттамамен ресімделеді.

Келісілді:

Бірінші проректор

К.А.Еримбетов


Дайындағандар:

Академиялық мәселелер жөніндегі проректор



А.Б.Әлібекова

Оқу процесін тіркеуші офисінің меңгерушісі



А.Х.Омарова

Жолдама

Өндірісте қалады

(негіздеме)

20__ ж. «__» _____

Білім алушы _____

аты-жөні, тегі

(кәсіпорнының атауы)

кәсіптік практикадан өту үшін жолданады

Практиканың басталу мерзімі 20__ ж. _____

Практиканың аяқталу мерзімі 20__ ж. _____

Оқу орнының басшысы _____

М.О. _____

(қолы)

Оқу орнына қайтарылады

Келу мен кету туралы белгі

Білім алушы _____

аты-жөні, тегі

кәсіптік практикадан өту үшін _____

(кәсіптік практиканың атауы)

Келді

Кетті

20__ ж. «__» _____ 20__ ж. «__» _____

Мөр, қолы

Мөр, қолы

**Кәсіптік практика өткізуге арналған
шарт**

Қызылорда қаласы

« ____ » _____ 20__ ж

«Қызылорда ашық университеті» білім беру мекемесі, бұдан әрі «Білім беру ұйымы» деп аталады, оның атынан Жарғы негізінде әрекет етуші ректор Қ.А.Бисенов, бір жағынан және _____

_____ атынан,
(басшының немесе басқа өкілетті тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты

бұдан әрі «кәсіпорын» деп аталады _____

(кәсіпорынның атауы)

екінші жағынан, және азамат(ша)

(толық аты-жөні, тегі)

бұдан әрі «білім алушы» деп аталады үшінші жағынан Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес төмендегілер туралы осы шартты жасады:

1. ШАРТТЫҢ МӘНІ:

1.1 «Білім беру ұйымы» 20 ____ жылы түскен _____

(мамандықтың коды және атауы)

мамандығының (біліктіліктің) _____

(білім беру бағдарламаның атауы)

Білім беру бағдарламасы бойынша білім алушының оқытуын жүзеге асырады.

1.2. Кәсіпорын білім алушыны білім беру бағдарламасының бейініне сәйкес кәсіптік практиканың базасымен қамтамасыз етеді.

1.3. Білім алушы өндірістік функциялар мен міндеттерді білікті орындауға мүмкіндік беретін негізгі және кәсіби құзыреттерді алу мақсатында білім беру бағдарламасын игереді.

2. ТАРАПТАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

2.1. «Білім беру ұйымы» өзіне мынадай міндеттемелер алады:

1) _____ оқу нысаны бойынша _____

(мамандықтың коды және атауы)

мамандық бойынша оқитын білім алушыны академиялық күнтізбеге сәйкес

_____ практиканы өту мақсатында кәсіпорынға жіберу;

(практика түрі)

2) білім алушыны осы Шартта белгіленген міндеттер мен жауапкершілікпен таныстыру;

3) кәсіптік практиканың бағдарламасын және өтудің күнтізбелік кестесін кәсіпорынмен бірге әзірлеу және келісу;

4) кәсіпорынға кәсіптік практиканың басталуынан екі ай бұрын білім алушылардың санын көрсетіп, кәсіптік практиканың бағдарламасын, практикадан өтудің күнтізбелік кестесін ұсыну;

5) білім беру ұйымның тиісті мамандықтары бойынша оқытушылар арасынан практика жетекшілерін білім беру ұйымының басшысының бұйрығымен бекіту;

6) кәсіпорынның қызметкерлері үшін міндетті болып табылатын еңбек тәртібін және ішкі тәртіп ережелерін білім алушымен сақталуын қамтамасыз ету;

7) білім беру бағдарламасы мен академиялық күнтізбеге сәйкес білім алушының кәсіптік практикасына мерзімді бақылау етіп, оның өтуін ұйымдастыру;

8) кәсіпорынның қызметкерлеріне білім алушылардың кәсіптік практикасын ұйымдастыруға және өткізуге әдістемелік көмек көрсету;

9) қажеттілік туындаған кезде кәсіпорынға білім алушының оқу жетістіктері туралы мәліметтер беру;

10) жазатайым оқиғаларды, егер олар практиканы өту барысында білім алушының қатысуымен болған оқиғаларды тергеуге қатысу;

11) білім беру ұйымы таратылған немесе білім беру қызметі токтатылған жағдайда кәсіпорынды

хабардар ету және басқа білім беру ұйымында білім алуды жалғастыру үшін білім алушыны ауыстыру бойынша шаралар қабылдау;

12) тұрғылықты мекен-жайынан практика базасының алыс орналасуы кезінде білім алушыға қажетті тұрмыстық және басқа жағдайлар жасау мүмкіндігін қарастыру.

2.2. Білім беру ұйымы:

1) білім алушының өз еркімен оқытуды тоқтату, оқытудың қайта оқу курсына қалдырылған кезде, сондай-ақ Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасымен белгіленген тәртіпте оқудан шығарылғаны кезде бір жақты тәртіппен шартты бұзуға құқылы.

2.3. Кәсіпорын өзіне мынадай міндеттемелер алады:

1) білім алушыға жұмыс орнында қауіпсіз жұмыс жағдайын (қауіпсіздік техникасы және еңбекті қорғау бойынша міндетті нұсқамалықты өткізу арқылы) қамтамасыз ету және қажетті жағдайда білім алушының еңбектің қауіпсіз әдістеріне оқытуын жүргізу;

2) тиісті қызметтің бос орны бар болғаны кезде иеленген мамандыққа сәйкес жұмысқа қабылдау үшін білім беру гранты негізінде оқыған түлектің кандидатурасын қарастыру;

3) білім беру ұйымына академиялық күнтізбеге сәйкес білім алушының кәсіптік практикадан өтуі үшін жұмыс орындарын ұсыну;

4) осы шарттың ережелеріне сәйкес тиісті мамандықтардың кәсіптік практикаға жіберу бойынша білім алушыны қабылдау;

5) практиканың бағдарламасында қарастырылмаған және білім алушының мамандығына қатысы жоқ лауазымдарда білім алушыны пайдалануға жол бермеу;

6) бөлімшелерде (бөлімдерде, цехтерде, зертханаларда және сол сияқты) білім алушының кәсіптік практикасына жетекшілік ету үшін білікті мамандарды белгілеуін қамтамасыз ету;

7) білім алушының еңбек тәртібін және кәсіпорынның ішкі тәртіп ережелерін бұзғаны бойынша барлық оқиғалар туралы білім беру ұйымын хабардар ету;

8) білім алушының кәсіптік практиканың бағдарламасын толық игеру және оның жеке тапсырмаларды орындауы үшін қажетті болатын зертханаларды, кабинеттерді, шеберханаларды, кітапхананы, сызбаларды, техникалық және басқа құжаттарды пайдалану арқылы білім алушының кәсіптік практиканың бағдарламасын орындау мақсатында жұмыс орындарда қажетті жағдай жасау;

9) кәсіптік практика аяқталған соң білім алушының жұмысы туралы мінездеме беру және практикадан өту сапасын бағалау.

2.4. Кәсіпорын:

1) жаңа технологияларға және өндірістік процестің өзгерген жағдайларына сәйкес кәсіптік практиканың білім беру бағдарламасын әзірлеуге қатысу;

2) кәсіпорынның қажеттеліктеріне сәйкес курстық және дипломдық жұмыстардың тақырыптарын ұсыну;

3) білім алушылардың қорытынды аттестаттауына қатысу;

4) білім алушылардың ағымдағы үлгерімі туралы ақпарат сұрастыру;

5) білім беру ұйымынан жұмыс берушілердің болжамдарына сәйкес білім алушылардың сапалы оқытуын талап ету құқылы.

2.5. Білім алушы өзіне мынадай міндеттемелер алады:

1) кәсіптік практика орнында кәсіпорынның қызметкерлері үшін міндетті болып табылатын еңбек тәртібін, ішкі тәртіп ережелерін, қауіпсіздік техника ережелерін және өндірістік тәртіптемесін сақтау;

2) кәсіпорынның жабдықтарына, аспаптарына, құжаттарына және басқа мүлкіне ұқыпты қарау;

3) практика бағдарламасының талаптарын қатаң сақтау және орындау;

4) практикадан өту үшін белгіленген уақытта кәсіпорынның қарауына келу;

5) практикадан өту барысында және аяқтаған соң кәсіпорын туралы құпия ақпаратты жария етпеу.

2.6. Білім алушы:

1) кәсіпорында бекітілген тәлімгердің келісімі бойынша қажетті құралдарды, жабдықтарды, аспаптарды және басқа өндірістік материалдарды пайдалану, кітапхана және оқу залдары базасында оқуға оқу-әдістемелік әдебиеттер қорына, зертханалық базасына, оқыту мақсатында компьютерлік және басқа техниканы пайдалануға қол жеткізуі мен пайдалануына;

2) кәсіптік практиканы өту барысында денсаулыққа зақым келген зиянның өтеуіне;

3) кәсіптік даярлығын аяқтаған соң және қорытынды аттестаттаудан сәтті өткен соң иеленген мамандық бойынша бос орынның болуы кезінде кәсіпорында жұмысты жалғастыруға құқылы.

3. ТАРАПТАРДЫҢ ЖАУАПКЕРШІЛІГІ

3.1. Тараптар осы Шартта қарастырылған міндеттемелерді орындамағаны үшін Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамаларына сәйкес жауапкершілікке тартылады.

4. ДАУЛАРДЫ ШЕШУ ТӘРТІБІ

4.1. Осы шартты орындау процесінде туындаған даулар мен келіспеушіліктерді өзара тиімді шешім қабылдау мақсатында тараптар тікелей өздері қарастырады.

4.2. Келіссөз, өзара тиімді шешім жолымен шешілмеген мәселелер Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес шешіледі.

5. ШАРТТЫҢ ӘРЕКЕТ ЕТУ МЕРЗІМІ, ТАЛАПТАРЫН ӨЗГЕРТУ ЖӘНЕ ОНЫ БҰЗУ ТӘРТІБІ

5.1. Осы шарт оған тараптар қол қойған күнінен бастап күшіне енеді және толық орындалғанға дейін әрекет етеді.

5.2. Осы Шарттың ережелері тараптардың өзара жазбаша келісімі бойынша толықтырып өзгертілуі мүмкін.

5.3. Осы шарт мемлекеттік немесе орыс тілінде бірдей заң күшімен үш данада жасалады, бір данадан әрбір тарапқа беріледі.

5.4. Тараптардың заңды мекен-жайлары мен банктік реквизиттері:

Білім беру :	Білім алушы:	Кәсіпорын:
«Қызылорда ашық университетінің» білім беру мекемесі	_____	_____
Қызылорда қаласы, индекс 120016	(толық аты-жөні,тегі)	_____
Ғ.Мұратбаев көшесі 72	_____	(Кәсіпорынның, мекеменің, ұйымның және тағы басқа атауы)
АО «Нар Банк»	(туған күні, ЖСН, жеке куәлігінің номері, қашан және кіммен берілді)	_____
РНН 331000010449	_____	_____
БИК HSBK KZ KX	_____	(заңды мекен-жайы)
БИН 980540002323	(тұрғылықты мекен-жайы, телефон)	_____
ИИК KZ 936010201000023731	_____	(БИН, БИК, Кбе, банк)
КНП 861	_____	_____
8(7242) 24-60-47	Заңды өкілі (ата-анасы)	_____
8(7242) 246047 факс	_____	_____
	_____	(кала кодын көрсетіп байланыс телефон, факс нөмірі)
	(толық аты-жөні, тегі)	_____
Ректор _____ Бисенов Қ.А.	_____	Директор _____
	(тұрғылықты мекен-жайы, телефон)	_____
	Білім алушы _____	(Тегі, аты, әкесінің аты, қолы)

Кәсіптік практикадан өтуі туралы күнделік-есеп

Білім алушы _____

аты-жөні, тегі

p/c №	Кәсіптік практиканың бағдарламасына сәйкес әр күн үшін орындалған (оқып болған) жұмыстардың атауы	Кәсіптік практиканың жеке тақырыптарының, жұмыстарының орындау мерзімдері		Өндірісте н кәсіптік практика жетекшісінің қолы
		басталуы	аяқталуы	
1.				
2.				
3.				

1. Оқып болған конструкциялардың, жабдақтардың, технологиялық процесстердің, өндірістің механизациялау мен автоматтандырудың және еңбектің озық әдістерінің т.б. сипаттамасы.

Білім алушының қолы _____

20 ____ ж. « ____ » _____

(кәсіптік практикасының тікелей жетекшісі)

20 ____ ж. « ____ » _____

2. Білім алушы практиканттың мадақтамалары мен жазалары.

3. (Ұйымнан, кәсіпорыннан, мекемеден) кәсіптік практика жетекшісінің қорытындылары.

(ұйымнан, кәсіпорыннан, мекемеден) кәсіптік практика жетекшісінің қолы _____

20 ____ ж. « ____ » _____

<p>«Бекітемін» Қызылорда ашық университетінің Академиялық мәселелер бойынша проректоры <u>А.Б. Әлібекова</u> Аты-жөні, тегі 20__ ж. «__» __</p>	<p>«Келісілді» Кәсіптік практиканың жетекшісі (ұйымның, кәсіпорынның, мекеменің) _____ Аты-жөні, тегі 20__ ж. «__» __</p>
---	--

Кәсіптік практиканың жұмыс жоспар-кестесі

_____ мамандығы бойынша

Білім алушының _____ аты-жөні, тегі _____ курс

(оқу орнының атауы)

р/с №	Кәсіптік практиканың бағдарламасына сәйкес орындауға (оқытуға) жататын жұмыстар тізбесі	Кәсіптік практиканың бағдарламасын орындау мерзімдері		Ескертпе
		басталуы	аяқталуы	
1.				
2.				
3.				

Қолы _____

(оқу орнынан кәсіптік практиканың жетекшісі)

20__ ж. «__» __